

# БІЛІМ БЕРУ ІСІ ЖАҢА ЖАҒДАЙДА

Пандемия жаңа жағдайға бейімделуімізді талап етті. Бүкіл әлем онлайн және қашықтан жұмыс істеу форматын кіріктіріп жатқанда біздің ел де бұл үдерістен сырт қалған жоқ. Ұлт саулығы үшін қиындықтарды еңсеру, күш біріктіріп туындаған жағдайдан шығу міндеті тұрды.

**Қ**олда бар тәжірибеге сүйене отырып, облыста жаңа оқу жылында қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Қазіргі күні Ақмола облысының мектептерінде 130 мыңға жуық оқушы оқиды, олардың 15 мыңға жуығы бірінші сынып табалдырығын аттағандар.

Өңірде 555 күндізгі жалпы білім беретін мектеп бар. Бүгінде 417 мектеп штаттық режимде жұмыс істеп, 72821 оқушыға санитарлық талаптарды сақтай отырып білім берілуде. Ал 138 мектепте 57249 оқушы қашықтан оқиды.



Сонымен қатар, коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі бойынша жаңа оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, бітіруші түлектер мектепке барып оқитын болды.

Оған қоса мектеп оқушыларының біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында сабақтан

тыс уақытта бес адамнан аспайтын топтарда жеке консультация ұйымдастырылады деп шешілген.

Қашықтан оқыту процесін жүзеге асыру үшін оқушыларды компьютерлік техникамен қамтамасыз ету басты міндет болып табылады және қашықтан оқыту кезінде үйде оқушыларда тұрақты интернеттің болуы өте маңызды.

**Әрине, бірінші кезекте әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларын компьютермен қамтамасыз ету қажет. Осы мақсатта жергілікті қаражат есебінен 2684 компьютер сатып алынса Үкімет резервінен тағы 23043 дана техникаға қол жеткізіліді. Сатып алу барысында үнемделген қаражатқа қосымша 3934 дана компьютер алынды.**





Сонымен облыста қазіргі кезде 45 мыңнан астам компьютерлік техника бар. Жалпы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен компьютерлік техниканы қосымша сатып алу 1 компьютердің 9 оқушыға арақатынасын 3 оқушыға 1 компьютер деңгейіне дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Бүгінде облыстың барлық жалпы білім беретін мектептері кең жолақты жылдам интернетке қосылған. 271 мектепте интернеттің жылдамдығы 4-тен 8 Мбит/с-қа дейін, 284 мектепте 8 Мбит/с-тан жоғары. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, облыс бойынша интернет жылдамдығын 8 Мбит/сек дейін арттырудың техникалық мүмкіндігі бар бірқатар мектептер анықталды.

**Білім басқармасы «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп, 35 мектепте интернет жылдамдығын 8 Мбит/сек дейін арттыру бойынша жұмыстар жүргізді. Қашықтан оқитын 57249 оқушының барлығы интернетке қосылған. Бұл мәселені шешу үшін оқушыларға Wi-Fi роутерлер, ұялы байланыс операторларының мобильді интернеті бар флеш-карталар беріледі.**



Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мобильді операторлармен бірлесіп, оқушылар мен педагогтар үшін айына 990 теңге тұратын «Білім» жеңілдетілген тарифтік жоспарын іске қосты. Бұл тарифтік жоспар мұғалім мен оқушы арасында шексіз қоңырауларды, сондай-ақ, Білім және ғылым министрлігі белгілеген білім беру ресурстарына тегін қолжетімділікті көздейді. Қашықтан оқыту білім беру платформаларын пайдалану арқылы ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда барлық мектептер «Bilimland», «Дарын онлайн», «Kundelik» ақпараттық білім беру платформасын пайдаланады.

Штаттық режимде білім алатын балалардың денсаулығына нұқсан келтірмеу үшін мектептер мен сыныптарда дезинфекциялау, санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз

ету жұмыстары қолға алынған. Санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етілуін жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Облыс мектептері мен колледждерінде 21 мыңнан астам педагог еңбек етеді. Оқу жылының басында мектептер мен колледждер түгелдей педагог кадрлармен толықтырылады. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымдарына 1296 маман келді, оның 640-ы жас педагогтер. Педагогтердің IT-құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде. 10-15 тамыз аралығында облыс педагогтері «Қашықтан оқытуды үйренемін» тақырыбында онлайн-курстардан өтті.

**Эпидемиологиялық жағдай мектеп құрылысы бойынша жұмысымызды тоқтатқан жоқ. Жылдың соңына дейін Целиноград ауданында 1320 орындық екі мектепті пайдалануға беру жоспарланған. Осы ауданның Қажымұқан ауылында 300 орындық мектеп қарашада пайдалануға берілді. Көкшетау қаласындағы екі мектепке 720 орындық қосымша оқу ғимараты оқушыларға есігін айқара ашты.**

Бұдан басқа, облыстың екі мектебінде қайта жаңарту жұмыстары аяқталады. Биыл мектептерді жөндеу бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізілуде.





«Жұмыспен қамтудың жол картасы» мен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында облыстың 114 мектебі жөнделді. Бұдан басқа, балалардың қауіпсіздігі мақсатында білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен 100 пайыз қамтамасыз ету жұмысы аяқталды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай облыс орталығында балалар мен жасөспірімдердің «Болашақ Сарайы» ашылды. Озық ғылыми зертханалармен жабдықталған нысанда IT, биотехнология, робототехника тәрізді салалар қамтылған. Нысанның ашылу салтанатында облыс әкімі Ермек Маржықпаев өңір дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік наградаларды табыс етті.



**Жаңа оқу жылына колледждер де дайындалды. «Бәріне тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы аясында жаңа оқу жылында бюджет қаражаты есебінен облысымыздың 32 колледжіне алты мыңға жуық студент қабылданды. Мыңға жуық студент тоғыз шағын колледжде штаттық режимде оқиды.**

Педагогикалық, IT, әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтар бойынша білім алатын студенттер қашықтан оқиды. Ал технологиялық, аграрлық, медицина, өнер саласында білім алатын студенттер аралас қашықтан

оқиды. Яғни, дәрістер мен семинарлар онлайн режимінде өтеді, ал зертханалық сабақтар мен өндірістік практика күндізгі форматта жүзеге асырылады. Барлық колледждер қашықтан жұмыс істеуге дайын. Жеке компьютерлік техникасы жоқ студенттер мен оқытушыларға колледждің компьютерлері уақытша пайдалануға берілді. Қашықтан оқытуда колледждер CollegeSmartNation, Platonus және SOVA жүйелерін пайдаланады.

Басқа да білім беру ұйымдарының жұмысы кезең-кезеңмен қайта басталды. Мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтар қайта ашылды. Бүгінде 545 мектепке дейінгі ұйымда 15 мыңға жуық бала үшін 1543 кезекші топ жұмыс істейді. Кезекші топтың толықтырылуы да 15 тәрбиеленушіден

аспауы тиіс. Қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептердегі оқыту санитарлық-эпидемиологиялық жағдай жақсарғанға дейін қашықтан ұйымдастырылды. Алайда ата-аналардың өтініші бойынша балаларды дәстүрлі режимде оқыту құқығы қалды. Бұл ретте топтардың толықтырылуы 15 адамнан аспайтын болды. Ата-аналар мен балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарында онлайн-кеңестер өткізіледі. Күрделі денсаулық проблемалары бар балаларды қабылдау алдын ала жазылу тәртібімен жеке жүзеге асырылады.

Эпидемиологиялық жағдай тұрақталып, халықтың сырқаттанушылық деңгейі төмендеген соң санитарлық талаптарды сақтай отырып, оқытудың штаттық форматына біртіндеп көшу жүзеге асырылатын болады.

**Бейбіт ЖҮСІПОВ,**  
**Ақмола облыстық білім басқармасының басшысы**



### АННОТАЦИЯ ○

Как проходит процесс обучения в условиях пандемии в Акмолинской области? Как был организован учебный процесс с созданием условий, направленных на сохранение здоровья обучающихся и педагогов? На эти и другие вопросы найдете ответ в материале начальника Управления образования Акмолинской области Бейбіта Жүсіпова.